КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2025 жылғы 4 желтоқсан іс № 3514-25-00-2/4244 Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында
төрағалық етуші судья Г.О.Тастанбаева,
сот отырысының хатшысы Б.Б.Авуловамен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ
«Қарқаралы ауданының Бақты ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР
жеке кәсіпкер «Болсынбеков» Айдос Бауыржанович Болсынбеков

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР
талап қоюшының өкілі С.Т.Бәли

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

22.05.2025 жылы «Қарқаралы ауданының Бақты ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер «Болсынбеков» Айдос Бауыржанович Болсынбековтың (бұдан әрі – мердігер/орындаушы) арасында құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №30 шарт (бұдан әрі – шарт) жасалған.

Шарт талаптары бойынша өнім беруші компьютерлік кеңсе техникасына қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын орындауға міндеттелген.

Шарттың жалпы сомасы 70 000 теңгені құрайды.

Шарттың 4.1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, мердігер шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жалпы құрайтын шарттың сомасының 3 500 теңгеге тең 5 пайызы мөлшерінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын енгізген.

Жұмыстарды орындау мерзімі мамыр - желтоқсан аралығында белгіленген.

30.09.2025 жылы шарт бір жақты тапсырыс берушімен бұзылған.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Орындаушы өзіне алған міндеттерін орындамағандықтан, тапсырыс беруші оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінді.

Талап қоюшының өкілі түсініктемесінде өз талабын қолдады.

Жауапкер сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылды, дәлелді себептерсіз келген жоқ.

Сот, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігіне сәйкес, істі жауапкердің қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі-АК) 271-бабына сай, міндеттемелер шарттан пайда болады.

АК-нің 272, 277-баптарына сай, міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше, және белгіленген мерзімінде орындалуға тиіс.

АК-нің 386 бабына сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады (осы Кодекстің 393-бабы).

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1), 3) және 4) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сот шарттың тараптармен мемлекеттік сатып алудың «өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу» «әдісінің қорытындылары негізінде жасалғанын анықтады.

Демек, орындаушы мемлекеттік сатып алуға қатысқандағы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, жұмыстарды орындауға келісім білдірген.

Орындаушы өз міндетіне алған жұмыстарды орындаған жоқ, осыған байланысты, тапсырыс беруші, шартты 30.09.2025 жылы біржақты бұзған.

АПК-нің 72 бабына сәйкес, әр тарап өзінің талаптары мен қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғану құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелерді және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімдерде келтіруге тиіс.

Документ подписан: Тастанбаева Г. О., 10.12.2025

Дата вступления в законную силу: 13.01.2026, судья Тастанбаева Г. О., 15.01.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер талап қоюшының уәждерін теріске шығаратын ешбір дәлел ұсынған жоқ.

Талап қою Заңмен бекітілген мерзімнен кешіктірілмей (02.10.2025 жылы) сотқа берілді.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы негізді және заңды болып табылады, сондықтан қанағаттандырылуға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қарқаралы ауданының Бақты ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі жауапкер жеке кәсіпкер «Болсынбеков» Айдос Бауыржанович Болсынбековке мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Болсынбеков» Айдос Бауыржанович Болсынбеков мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Болсынбеков» Айдос Бауыржанович Болсынбеков мемлекеттік баж 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекет кірісіне өндірілсін.

Шешімге тараптар, прокурор, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қарағанды облысының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым және/немесе өтінішхат беруі мүмкін.

Судья Тастанбаева Г.О.

Документ подписан: Тастанбаева Г. О., 10.12.2025

Дата вступления в законную силу: 13.01.2026, судья Тастанбаева Г. О., 15.01.2026

Сот өндірісі - Судопроизводство - ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕШІ»